

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



IX Астана экономикалық форумы аясындағы
**«ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ -
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНІҢ ДРАЙВЕРІ»**
жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

II БӨЛІМ

25 мамыр 2016 жыл

СБОРНИК ТРУДОВ

международной научной конференции молодых ученых
**«НОВАЯ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ КАК ДРАЙВЕР ЭКОНОМИЧЕСКОГО
РОСТА В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ»**
под эгидой IX Астанинского экономического форума

ЧАСТЬ II

25 мая 2016 г.

PROCEEDINGS

of the international scientific conference of young scholars
**«NEW INDUSTRIALIZATION AS A DRIVER OF ECONOMIC
GROWTH IN KAZAKHSTAN IN TERMS OF GLOBALIZATION»**
in the framework of the IXth Astana Economic Forum

PART II

25 may 2016

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 338.28(574)(06)
ББК 65.9(5Қаз)-551я431
Ж 28

Редакционная коллегия:

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н., доцент Алибекова Б.А.
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н.,
доцент Бабланов Т.К., к.э.н., и.о. доцента Ауелбекова А.К.

Ж28 Жаһандану жағдайында жаңа индустриаландыру – Қазақстанның экономикалық өсуінің драйвері: Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф. еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016.

Новая индустриализация как драйвер экономического роста в Казахстане в условиях глобализации: Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «**New industrialization as a driver of economic growth in Kazakhstan in condition of globalization**» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2016.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында жаһандану жағдайындағы жаңа индустриаландыру мен экономикалық өсудің өзекті мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы новой индустриализации и экономического роста в условиях глобализации.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of the new industrialization and economic growth in globalization.

ISBN 978-9965-31-762-0

УДК 338.28(574)(06)
ББК 65.9(5Қаз)- 551я431

ISBN 978-9965-31-762-0

сельском хозяйстве, когда машины, практически без участия человека, управляют полным технологическим циклом: от посевной до поставок продукции на прилавки. Достижение такого уровня автоматизации потребует больше 2-3 лет. Но только изменения в парадигме индустриальной революции 4.0 позволят Казахстану, IX по размеру стране в мире с невысокой плотностью населения, эффективно противостоять РФ и Китаю и являться эффективным поставщиком продуктов питания для этих стран.

Реиндустриализация промышленности предъявляет новые требования к качеству трудовых ресурсов. Уже сейчас компании, переходящие на новый этап технологического оснащения, испытывают трудности с подбором подходящего персонала. В дальнейшем эта тенденция будет только увеличиваться. Высокотехнологичные производства требуют высококвалифицированных кадров, владеющих современными технологиями работы с большими данными, нейронными сетями, сложными беспроводными системами. Миссия GlobalInnovationLabs LLC (innovationlabs.net) – внедрение самых передовых методик обучения работе с большими данными в образовательных и производственных организациях. Специалисты, прошедшие обучение по программам GlobalInnovationLabs, не только получают практические навыки решения сложных задач, но и набор математических инструментов для решения новых проблем.

Литература:

1. «Общенациональный телемост «Новая индустриализация Казахстана. Результаты 2015», <http://news.caravan.kz/news/nazarbaev-novye-proekty-industrializacii--ehkonomicheskie-trendy-kazakhstan-newsID429750.html>
2. «Сто конкретных шагов Президента Н. Назарбаева» <https://www.zakon.kz/4713070-sto-konkretnykh-shagov-prezidenta.html>
3. Precision agriculture http://www.research.ibm.com/articles/precision_agriculture.shtml
4. Текст программы «100 роботизированных ферм» http://www.admoblkaluga.ru/sub/selhoz/folder5/100_robot_ferm/

АДАМ КАПИТАЛЫ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫН КАДРЛАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕСІ

Байжолова Р.Ә.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана, Қазақстан Республикасы
E-mail: baizholova_ra@enu.kz

Адам ресурстарына салынатын инвестиция – бұл жұмыскерлердің еңбек өнімділігін арттыруға, экономикалық хал-ақуатының жақсаруына ықпалын тигізетін шығындар. Бұл шығындар соңынан өскен табыс ағымымен болашақта орны толтырылатын шығындар болып табылады.

Адам дамуға қабілетті ресурс болып табылады. Адам дамуына қатысты негізгі ой-пікірлер жаңадан қалыптасқан жоқ, олар бұрынғы қалыптасқан пікірлерге жаңа көзқараспен қарау болып табылады.

Адам капиталы анықтамасына қатысты пікірлерді зерттеуді экономикалық ой тарихында көптеген ғалымдар жүргізді. «Адам капиталы» категориясының ғылыми анықтамасы біртіндеп қалыптасты және де бірінші кезеңде адамның белгілі білім деңгейі мен еңбекке қабілеттілігін бағалаумен шектелді.

Жалпы алғанда адам капиталы теориясы институционалдық, неоклассикалық теориялар, сондай-ақ неокейншілдіктің жетістіктеріне негізделеді. Оның кеңінен тарауы адам капиталы рөлі мен оның зияткерлік қызметінің жинақталған нәтижелерін терең түсінудің қажеттілігімен түсіндіріледі [1, 15, 16 б.б.].

Ұзақ уақыт бойы экономикалық ой материалдық қорлану саласында жүріп жатқан үдерістердің ықпалында болып, капиталдың қорлануы мен материалдық-заттық факторларды прогрестің анықтаушы факторы ретінде қарастырды. Адам даму мақсатынан өндіріс құралына айналды. Дегенмен, материалдық байлықтың өсу көздерін осы факторлық талдаудың өзі адамның экономикадағы рөліне жаңа тұрғыдан, атап айтқанда, оған экономикалық өсудің басты факторы ретінде қарауға түрткі болды. Мұндай түсінікке жол ашқан Т. Шульцтің «адамдық капитал теориясы» болды. Ол еңбек өнімі өсуінің жеке факторы адамның еңбекке қабілеті екендігін және «Білім арқылы капиталды қорландыру» мен «Адам капиталын инвестициялау» адам ресурсының осы қабілетін дамыту болып табылатындығына назар аударды. Шульцтің осы идеясының негізінде «адам капиталы» тұжырымдамасы құрылды. Адам капиталын экономикалық өсудің факторы ретінде бөліп көрсету білімнің, ғылымның, денсаулық сақтаудың экономикалық рөлін жаңа тұрғыдан бағалай білуге, оны дұрыс анықтауға жол ашты. Америка ғалымы Г. Беккер адам капиталын инвестициялауға жалпы және кәсіби білімге шығынды ғана емес, сонымен қатар денсаулық сақтауға, ақпарат іздеуге, жұмыс орнын ауыстыруға, балаларды тәрбиелеу және адамның өндіргіш күшінің өсуіне әсер ететін басқа салымдар шығындарын қосты [2, 30-33 б.б.].

Адам капиталы теориясы негізінде халықаралық экономикалық ынтымақтастық саласында «Адам ресурстарының дамуына ықпал ету» деген атпен дербес бағыт қалыптасты. Бұл адам капиталын максимизациялау мен оны экономикалық және әлеуметтік даму мақсаттарында тиімді пайдалану дегенді білдірді. Осыған қатысты «адам ресурстарын дамытуға» кіретін мәселелер шеңбері едәуір кеңейтілді. Бұған демографиялық мәселелер, жұмыспен қамтылу сұрақтары, денсаулық сақтау, тамақтану, урбанизация, тұрғын үй, білім, кадрларды дайындау т.с.с. жатады [3, 8 б.].

Мемлекеттің Басшысы өзінің Қазақстан халқына Жолдауында: «Іс жүзінде әлемдік шаруашылық жүйесіне бірігуде белсенділік танытқан қазіргі барлық жетістікті мемлекеттер «ақылды экономикаға» сенім қойды. Ал оны құру үшін, ең алдымен, өзіміздің адам капиталымызды дамыту қажет» - дегентін [4].

Шығармашылықты, іскерлік және еңбекте белсенді ресурс ретіндегі адам капиталы қайта жаңаратын актив болып табылады және оны іске асыру мемлекеттің, отбасының, әлеуметтік институттардың адамның шығармашылық қабілеттерін дамыту үдерісін, осыған қажетті жағдай мен орта жасай отырып, қалай қолдайтындығына байланысты.

Адам капиталының активтерінің бірі денсаулық қоры болып табылады. Адамның денсаулығы жақсы болған сайын, оның белсенді қызметі де ұзағырақ және жұмыс істеу қабілеті мен еңбек өнімділігі де жоғарырақ болатындығы, адам капиталының барлық басқа активтерінің де тиімдірек пайдаланылатындығы анық. Олай болса, адамның өзі үшін де, ол қызмет атқаратын фирма үшін де, сондай-ақ тұтас алғандағы ұлттық экономика үшін де қайтарымдылық жоғары болады. Басқаша айтқанда, денсаулық капиталымен өндірілетін қызметтер ағымы «аурудан тысқары уақытпен» теңеседі, ол адамның өндірістік және тұтыну қызметінде қолданатын маңызды ресурс болып табылады.

Қазіргі уақытта адам капиталы экономиканы инновациялық дамытудың жетекші факторына айналды. Қосылған құнды құру үдерісінде еңбек ресурстарының ролінің өзгеруімен бірге экономиканың еңбек ресурстарын дамытуға салынатын инвестицияның маңыздылығы да қайта қаралуда. Тұрғындардың денсаулығы көбіне адам капиталының құрылу, даму және жүзеге асырылуының мүмкіндіктерін анықтайды.

Адам дамуына қатысты мәселелер қатарына денсаулық сақтау саласын қажетті кадрлармен қамтамасыз ету сұрағы жатады. Деректерге сәйкес, 2035 жылғы қарай әлемде денсаулық сақтау саласы бойынша 12,9 миллион қызметкер жетпейтін болады. Бүгінгі күні мұндай жетіспеушілік 7,2 миллион адамды құрайды. Бұл цифрлар дереу шара қолданудың қажеттілігін көрсетеді. Дәл қазіргі күні, белгілі іс-шара әрекеттері жүргізілмеген жағдайда, әлемдегі аймақтар бойынша миллиардтаған адамның денсаулығына қатты нұқсан келетіндігі хақ.

«A Universal Truth: No health without a workforce» (Всеобщая реальность: без трудовых ресурсов нет здоровья») баяндамасында мұның бірқатар негізгі себептері анықталған. Сол себептердің қатарына денсаулық сақтау қызметкерлерінің қартаюуы мен зейнеткерлік демалысқа шығуы немесе олардың анағұрлым жоғары ақы төленетін жұмысқа ауысуы және олардың орнына келетін басқа қызметкерлердің жоқтығы, басқа жағынан алғанда, жас адамдардың ішінен бұл мамандықты таңдайтындардың және қажетті дайындықтан өтетіндер санының жеткіліксіздігі жатады. Бұл сектордағы сұраныстың көтерілуі, жұқпалы емес аурулар (мысалы, рак, жүрек аурулары, инсульт және с.с.) жағынан өсіп отырған қауіпке ұшырайтын, әлемдегі тұрғындар санының өсуі. Сонымен бірге жұмыскерлердің ішкі және халықаралық көші-қоны да аймақтар арасындағы баланстың бұзылуын тереңдетеді.

Бүкіл әлемде бір миллиардтан астам адамның сапалы медициналық-санитарлық қызмет көрсетулерге қолдары жетпейді. Бұл, ең алдымен, денсаулық сақтау саласындағы кадрлардың жетіспеушілігімен, кәсіби тағлымның теңгерімсіздігі және кадрлардың географиялық бөлінуінің біртектес еместігімен түсіндіріледі. Денсаулық сақтаудағы кадрлық дағдарыстың салдары миллиондаған адамдардың денсаулығы мен хал-жағдайы үшін апаттық деңгейде болмақ, оның үстіне осы тапшылықты жою үшін денсаулық қызметкерлерін дайындау жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілмейді.

Кадрлардың «қартаюу» тенденциясы орын алуда. Қазіргі уақытта жас мамандардың салаға ағылуы ұлғайғанымен, олардың үлесі жеткіліксіз болып қалуда және барлық дәрігерлік кадрлар санының ішінде 4%-н аспайды. Мамандықтың тартымдылығының төмендігі мен мотивациялық механизмдердің жоқтығынан, түлектерді жұмысқа орналастыру бұрынғыша 87%-н аспайды.

Медицина кадрларының жоғары категориялық деңгейіне (42%) қарамастан, олардың медициналық қызмет көрсету сапасы тұтынушылар мен жұмыс берушілерді қанағаттандырмайды. Денсаулық сақтау саласындағы ғылым аясы әлемдік стандарттан едәуір қалып келеді, отандық ғылымдық өнімнің бәсекеге қабілетсіздігі мен қажетсіздігі байқалады. Көрсетілген мәселелерді шешу үшін 2007 жылдан бастап Медициналық ғылымды реформалау концепциясы іске асырылып келеді. Медициналық ғылымды басқаруды жетілдіру бойынша шаралар басталды. Бірқатар ғылыми ұйымдар көбірек дербестік алу үшін шаруашылық жүргізу құқығы бар мемлекеттік кәсіпорындар статусын алды. Ғылыми-білім-практикалық кластерлер құрылуда. Ғылыми ұйымдарда дәлелдеуші орталықтар құрылды. 40 астам болашағы бар қызметкерлер АҚШ, Сингапурдағы университеттерде менеджмент бойынша ғылыми зерттеулерден курстарды өтті. Рецензияланатын халықаралық журналдардағы жарияланымдар саны ұлғайды, халықаралық патенттер пайда болды. Медициналық ғылым ұйымдарының қызметін рейтингтік бағалау жүйесі жасалды. Жарияланымдарға сәйкес, денсаулық қызметкерлері тарапынан шұғыл әрекеттерді қажет ететін салалардың бірі ана мен сәби денсаулығын қорғау болып табылады. Ана өлімінің барлық жағдайының 90%-н астамы және барлық өлі туылудың 80%-ы 58 елге келеді, бұл осы елдерде негізінен кәсіби акушеркалардың жетіспеуі салдарынан орын алып отыр. Одан басқа, 2012 жылы бес жасқа дейінгі балалар өлімінің 6,6 миллион жағдайы емдеуге және алдын алуға болатын аулардан болды. Денсаулық сақтау қызметкерлерінің саны көбірек болғанда, бұл балалар өлімінің көбісін болдырмауға болар еді.

Қазақстандағы сәби өлімі көрсеткіші Еуропа аймағы елдерінің ішіндегі ең жоғарғыларының бірі болып табылады. Сәби өлімінің ең жоғарғы деңгейі Қызылорда облысында, Шығыс Қазақстан облысындағы, Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан және Ақтөбе облыстарына келеді. Олардағы сәби өлімі ел бойынша алғандағы орташа көрсеткіштен жоғары болып табылады. Қазіргі кезде бұл тенденция төмендеуге қарай бет алды. Дегенмен, ол әлі де жоғары деңгейде болып табылады. Ана өлімін жасыру фактілері орын алған және де өлімнің негізгі көрсеткіші әйелдер денсаулығы индексінің төмендігі. Әйелдердің тек 20-30 пайызының ғана дені сау болып табылады, ал қалғандары әртүрлі аурулармен ауырады.

Деректер бойынша, бюджет қаражатын жұмсаудың төмен тиімділігі, жемқорлықтың жоғары деңгейі сияқты мәселелерден басқа, көп аурулардың ушығуы денсаулық сақтау

саласының медициналық кадрларының нашар дайындығы болып табылады. Денсаулық сақтау кадрларын дайындаудың сапасына жету бойынша белгілі жұмыс жүргізілді, медициналық және фармацевтік білім берудің нормативтік базасы жасалды, 2007 жылдан бастап, кәсіби көзқарас пен ең үздік әлемдік тәжорибесін есепке алатын, жоғары медициналық білім берудің жаңа білімдік бағдарламалары іске асырылуда, мемлекеттік медициналық ЖОО соңғы жылдары алғашқы рет қазіргі өмірге сай оқу-клиникалық және лабораториялық қондырғылар алды, медициналық ЖОО-ң 85% жоғары деңгейдегі дербестігін алды. Инновациялық білім беру технологияларын ендіру жүзеге асырылуда. Құрылған оқу-клиникалық орталықтар студенттер мен интерндердің клиникалық дайындығына назар аударуға мүмкіндік берді. Медициналық білім берудің Бүкіл әлемдік федерациясының сапасын жақсартудың ғаламдық стандарттарына негізделген базалық медициналық білім беруді институционалдық аккредитациялаудың ұлттық стандарты жасалды. Мемлекеттік бағдарламаның іске асырылу кезеңінде медициналық кадрлардың шет елдерде біліктілігін арттыруға, сондай-ақ Қазақстан Республикасына жетекші шетелдік мамандарды шақыру арқылы мастер-кластарды ұйымдастыруға көп көңіл бөлінді.

2005 жылдан бастап, жыл сайын үш мың жас және талантты қазақстандықтарға әлемнің оқу орындарында оқуға мүмкіндік берілді. Жалпы алғанда 2005-2014 ж.ж. аралығында «Болашақ» бағдарламасы шеңберінде 10 мыңнан астам шәкіртақы белгіленді (кесте 1).

Кесте 1

«Болашақ» халықаралық шәкіртақысының дайындау бағдарламалары мен бағыттары шеңберінде берілуі (2005-2014 гг.), адам.

Оқыту бағдарламасы	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011	2012	2013	2014	Барлығы
Бакалавриат	1243	441	97	636	419	543	0	0	0	0	3379
Магистратура	478	299	138	607	561	881	447	560	515	243	4729
Аспирантура	18	5	1	10	0	0	0	0	1	0	35
Клиникалық ординатура	2	14	20	15	10	26	0	0	0	0	87
Докторантура	55	19	11	15	11	11	14	15	15	15	181
Тағылым	0	0	0	28	12	200	59	527	582	298	1706
Итого	1796	778	267	1311	1013	1661	520	1102	1113	556	10117
Оқыту бағыты	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011	2012	2013	2014	Барлығы
Медицинское	128	47	25	55	21	55	11	99	116	102	659
Барлығы	1796	778	267	1311	1013	1661	520	1102	1113	556	10117

Дерек көзі: [6].

1-кестеден осы жылдары медициналық бағыт бойынша кадрлар дайындауда толқындық динамиканың орын алғанын байқауға болады. Басқаша айтқанда, 2005 жылмен салыстырғанда 2014 жылы шәкіртақының берілуі 710 адамға кемігендігі көрінеді.

Жүргізілген шараларға қарамастан, денсаулық сақтау саласын білікті кадрлармен қамтамасыз ету сұрағы біздің ел үшін күрделі мәселе болып қалып отыр.

Бүгінгі күні Қазақстанның денсаулық сақтау саласындағы білімдік қызметінің негізгі мәселелері: кадрларды дайындау сапасы, жұмыс істеп жүргендердің біліктілік деңгейі, көмекші персоналдың тапшылығы, медицина қызметкерлерінің шамадан тыс ірі қалаларда шоғырлануы, жоғары және орта маман бойынша білім алған медициналық қызметкерлер санының теңгерімсіздігі, жұмысқа деген мотивациялық ынталандырудың жоқтығы және денсаулық қызметкерлерінің әлеуметтік жағынан қорғалуының жеткіліксіздігі, ғылыми зерттеулердің бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі, инновациялық жетістіктердің жоқтығы.

Осы айтылғандардың барлығы мемлекет тарапынан ынталандыру және басқа да бірқатар шараларды жүзеге асырудың қажеттілігін көрсетеді.

Әдебиеттер:

1. Петренко Т., Едуш А. Теоретические подходы к определению человеческого капитала в условиях экономического развития инновационного типа //Вестник Таганрогского института управления и экономики, вып. 2 (16), 2012. – С. 14-16.
2. Шокаманов Ю.К. Человеческое развитие в Казахстане: методология измерения и анализ – Алматы: Агентство РК по статистике, 2003. – 372 с.
3. Тусеева М.Х. Проблемы финансирования образования и здравоохранения в транзитной экономике. – Алматы: Каржы-Каражат, 1999.
4. Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы, 28 ақпан, 2007 ж.
5. Доклад ВОЗ «A Universal Truth: No health without a workforce».- РЕСИФИ, Бразилия, 11 ноября, 2013 г.
6. Сайт АО «Центр международных программ» - Режим доступа: <http://www.bolashak.gov.kz>

МОДЕЛИ ПОСТРОЕНИЯ СТРАТЕГИИ РАЗВИТИЯ КОМПАНИИ

Шалболова У.Ж.

Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева,
г. Астана, Республика Казахстан
E-mail: urpash_sh@mail.ru

Мылтыкбаев К.

Алматы менеджмент университет, Высшая школа бизнеса,
г. Алматы, Республика Казахстан
E-mail: kuanysh888@mail.ru

Практикой ведения бизнеса накоплен большой опыт постановки стратегических целей и выработки соответствующей модели бизнес-поведения. Научная мысль методологически достаточно четко проработала множество вариантов (рис.1).



Рисунок - 2 Стратегические модели поведения компаний на рынке
Примечание: составлено авторами.

1. Модель максимизация прибыли. Прибыль является распространенным показателем эффективности, рассчитываемым всеми хозяйствующими субъектами по единой методологии. Но в то же время при всей простоте модели имеются недостатки: субъективность выбора учетных политик допускает возможность манипулирования